

*¹ Сабыр М.Б.  ² Болатова А. А. 

¹Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан

² М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан

E-mail: ¹ sabir_uralask@mail.ru, ² anara-bolatova@mail.ru

ОРТА ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ ТІЛДІК ҮДЕРІСТЕР ЖӘНЕ «ОРТА АЗИЯЛЫҚ ТӘПСІР» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ

Аңдатпа. Ғылыми зерттеудің мақсаты Орта түркі дәуіріндегі (X-XV ғ.) тілдік үдерістерді саралай отырып. «Орта Азиялық тәпсір» жазба ескерткішінің тілдік сипатына баға беру болып табылады. Орта түркі дәуіріндегі тілдік үдерістер талқылана келіп, бүгінгі түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасуындағы маңыздылығы жан-жақты талданған. Зерттеудің жаңалығы орта түркі дәуіріндегі тілдік үдерістерді саралай отырып, жазба ескерткіштің тіліне өзіндік баға беруі болып табылады. Қазақ тілі тарихын дәйекті деректермен толықтыруды мақсат еткен зерттеудің праткиалық маңызы зор. Белгіленген мәселені зерделеу барысында тарихи-салыстырмалы және диахронды-синхронды әдістер, сондай-ақ типологиялық салыстыру, түсіндіру және баяндау тәсілдері кеңінен қолданылған. Орта түркі дәуірінде көне түркі дәуірінен бастау алып, орта ғасырда жалғасқан әдеби жазба тілдердің тарихи-мәдени үдерістері жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Жұмыстың басты нәтижелері мәдени орталықтардың, әдеби дәстүрлерлердің бір-бірімен тығыз байланыстылығын ашып көрсеткендігі болып отыр. Белгілі ғалымдардың пікірлеріне жүгіне отырып, Қарахандықтар жазба мұраларынан бастау алған тілдік дәстүр Хорезм өңірінде, Қыпшақтық конфедерация аймағында және одан әрі Шағатай әдеби тілінде сабақтасып, жалғасып жатқандығы дәлелденген. Зерттеу нәтижелерін түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясы, қазақ тілінің тарихы, түркітану салаларында қолдануға болады. Қорытындылай келе «Орта Азиялық тәпсірдің» тілдік ерекшелігі көрсетіліп, бүгінгі қыпшақ тілдерімен, оның ішінде қазақ тілімен салыстыра зерттеу қажеттілігі ұсынылған.

Кілт сөздер: жаза ескерткіштер, орта түркі дәуірі, орта ғасыр, тілдік ерекшелік, лексика, тәпсір

Кіріспе

Бүгінгі түркі тілдерінің даму және қалыптасу тарихында Орта түркі дәуірі айрықша маңызды рөл атқарды. XI-XV ғасырлар аралығындағы заманды қамтып жатқан бұл дәуірдегі тілдік жүйе ежелгі түркі жазба дәстүрінен кейін пайда болған, сол тамырдан қаулап өсіп, жаңа арнаға бет бұрған түркі қауымдастықтарының жаңа тілдік өрнегі ретінде ерекшеленеді. Орта түркі дәуірі – ежелгі дәуірлер мен орта ғасырлық әдеби тілдер арасындағы тарихи-мәдени үдерістердің нәтижесінде түркі тектес тайпалар тілінің құрылымдық жағынан да, функционалдық тұрғыдан да жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, ұлттық деңгейде даралану кезеңі. Бұл кезең саяси, әлеуметтік дүбірлі оқиғаларға толы. Кейбір мемлекеттік бірлестіктер тарих қойнауына кетіп, жаңа мемлекеттік жүйелер қалыптасып, қыпшақ конфедерациясының сахнаға шығуы, Еділ, Жайық, Сырдария бойындағы қала мәдениетінің дамуы, Жібек жолының өркендеуі, жаңа керуен жолдарының таралуы, сауда-экономикалық қатынастардың артуы, мұсылманшылдық дінінің орнығуы, түркі тайпаларының бір мемлекеттік жүйеге ұйысуы т.б. мәселелер де түркі тілдерінің қалыптасуына тікелей әсер етті.

Осы кезеңдегі тілдік үдерістердің басты күрделілігі бірнеше мәдени орталықтардың, әдеби дәстүрлерлердің бір-бірімен тығыз байланысты болуы еді. Қарахандықтар жазба

мұраларынан бастау алған тілдік дәстүр Хорезм өңірінде, одан әрі Қыпшақтық конфедерация аймағында және Шағатай әдеби тілінде сабақтасып жатты. Әр қилы территорияны мекендеген түркі тайпаларының әлеуметтік, мәдени және этникалық ерекшеліктері тіл жүйесіне өз ықпалын тигізді, лексика мен грамматикада белгілі бір аймақтық ерекшеліктердің орнығуына әсер етті. Сондықтан Орта түркі кезеңінің тілі біртұтас сипатымен қатар, диалектілік белгілерді бойына сақтаған аралас, күрделі тілдік құрылым ретінде сипатталады. Сонымен қатар бұл дәуірді ислам мәдениетімен тығыз қарым-қатынастар жүзеге асты. Түркі тілінің лексиконына араб-парсы элементтері дендеп ене бастады. Бұл үдеріс жазба жәдігерліктерде әртүрлі деңгейде көрініс тауып отырды. Орта түркі дәуіріндегі тілдік жүйенің толық сипатын анықтау үшін жазба ескерткіштерді жан-жақты зерттеу игілікті іс.

Сондай бір құнды жазба ескерткіштің бірі – «**Орта Азиялық тәпсір**». Аталмыш шығарма Құран Кәрім аяттарын түсіндіруге арналған діни-дидактикалық еңбек болғанымен орта түркі дәуірінің тілдік ерекшеліктерін көрсете алатын маңызды ақпарат көзі болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысы барысында негізгі материал ретінде А.К. Боровковтың Мәскеу қаласынан 1963 жылы шыққан «Лексика Среднеазиатского тefсира XII-XIII вв.» атты еңбегі және осы кітаптың Н. İ. Usta және E. Amanođlu аударған түрікше нұсқасы (Borovkov, A. K. (2002). *Orta Asya'da Bulunmuş Kur'an Tefsirinin Söz Varlığı (XII-XIII. Yüzyıllar)*. Ankara: TDK Yayınları) пайдаланылды. Сонымен қатар, Е.Н. Нәжіп, Е. Фазылов, А.М. Щербак, А.Құрышжанов, Б. Сағындықұлы, А.Керімов және А. Ибатов сияқты белгілі ғалымдардың жазба ескерткіштер туралы зерттеулері және осы кезеңдегі түркі тілдерінің тарихын саралаған ғылыми еңбектер негізге алынды. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы және диахронды-синхронды әдістер, сондай-ақ типологиялық салыстыру, түсіндіру және талдау тәсілдері қолданылды.

Талқылау

Түркі тілдері қалыптасу, өсіп, өркендеу жолында қилы тағдырды бастан кешірген. Осы тілдердің даму және қалыптасу кезеңдерін ғылымда алты кезеңге бөліп қарастырады: Алтай дәуірі, Хун дәуірі (V ғасырға дейін), Көне түркі дәуірі (V- X), Орта түркі дәуірі (X-XVғ.), Жаңа дәуір, Ең жаңа дәуір (Қазан төңкерісінен кейінгі кезең). Бұған «Тәулесіз түркі мемлекеттер дәуірі» деген жетінші кезеңді қосуға болады.

Профессор М.Томанов ана тіліміздің тарихи даму жолдарын түркі тілдері тарихымен сабақтастыра отырып, мынадай кезеңдерге саралап қарастырады: 1)Түркі бірлестігіне дейінгі дәуір, бұл дәуір топшылап айтқанда біздің заманымыздың V ғасырына дейін жалғасады, екі түрлі бірлестіктен құралады: Алтай бірлестігі, Хун бірлестігі. 2)Түркі бірлестігі дәуірі өз ішінен екі кезеңге бөлінеді: Көне түркі қағанаты кезеңі (V-X ғасырлар). Орта түркі кезеңі (X-XV ғасырлар). 3) Қазақ халық тілінің даму дәуірі (XVI-XVIII ғасырлар). 4)Қазақ ұлттық тілінің қалыптасу дәуірі (XIX ғасыр) (Томанов, 1980:70). Осы жіктемедегі Алтай бірлестігі атауы «алтай гипотезасына» тікелей қатысты. Бұл теориялық гипотеза түркі-моңғол, тунгус-маньчжур және жапон-корей тілдерінің дыбыстық, грамматикалық, және сөздік қор ұқсастықтары мен біртектес белгілеріне негізделген. Хун бірлестігі біздің заманымыздың алғашқы жылдарында өмір сүрген Хун империясына байланысты. Ежелгі хундардың мемлекеттілік бастауы б.з.д. III ғасырларда жатыр. Тарихта аңызға айналған ірі саяси тұлға Мөде қаған ежелгі хундардың мемлекеттік жүйесін толық қалыптастырған. Хундардың әлеуметтік, саяси жүйесі өте күрделілігімен ерекшеленеді. Қазіргі батыс және шығыс түркі тілдік топтарының қалыптасуы осы Хун империясынан басталды. Түркі -моңғол тілдерінің дараланып, бір-бірінен жіктелуі осы кезеңде жүріп жатты. Түркі бірлестігі дәуірінің Көне түркі қағанаты кезеңінің осы заманғы түркі тектес ұлт пен ұлыстардың тарихы үшін маңызы

айрықша болып табылады. Қазіргі түркі тілдерінің басты ұйтқысы және оның асыл арналары V-X ғасырларда қаланды. Әлемге әйгілі Орхон-Енисей және Талас жазбалары түркі өркениетінің терең тамырларын куәландырады. VI-VIII ғасырлардан сақталған жазбалардан байырғы түркілердің жалыпадамзаттық өркениетінің өркендеуіне үлес қосқанын көреміз.

X-XV ғасырларда түркі қауымдастықтары әртүрлі мемлекеттік жүйеге, орталықтарға ұжымдасып, халық тілдерінің негізгі фоно-моро-семантикалық жүйелері түзіліп, әр бірі өзіндік дара тіл болып қалыптасу үдерістері басталды. Сондықтан қазіргі заманғы түркі тілдерінің қалыптасу, өркендеу жолы, тарихы үшін түркі бірлестігі дәуірінің орта түркі кезеңінің орны ерекше маңызды болмаққа керек.

Жазба жәдігерліктердің әдеби көркемдік сипатына, тілдік ерекшеліктеріне негіздей отырып, орта түркі кезеңін жіктеудің тіл ғылымында әртүрлі үлгісі бар. Белгілі түркітанушы Н.А.Баскаков орта түркі кезеңін екі деңгейге ажыратып қарастырады: Монғол шабуылына дейінгі (X-XII ғ.) және монғол шабуылынан кейінгі (XIII-XIV ғ.) кезеңдер (Баскаков, 1963:56).

Осы дәуірде дүниеге келген жазба ескерткіштер аралас тілде жазылған. XI ғасырда жазылған М. Қашқаридың «Диуан лұғат-ит -түрік» сөздігі» әртүрлі тілдік диалектілерді қамтып көрсетіп, түркі тілінің әртүрлігін, байлығын көрсетіп берді. А.Габәннің тұжырымы бойынша, әртүрлі әліпбимен жазылған көне түркі жазба ескерткіштері төрт диалектінің ізін көрсетеді: Енисей-орхон жазбаларының диалектісі, **ǰ**

- диалектісі, **н** –диалектісі, «брахми» әліпбиімен жазылған қолжазбалардың диалектісі. **ǰ//н** сәйкестігіне сүйеніп, шартты түрде А.Габән тарапынан айтылған **ǰ** және **н** диалектілері қызығушылық тудырды. Мысалы, *ayıǰ//anıǰ*.

В.В. Радловтың ойынша, орхон жазбаларымен қатар орталығы Турфан оазисі болатын кең аймақта бірнеше түркі диалектілерінен құрылған басқа көне түркі әдеби тілі болған. Бұл тіл әртүрлі түрік диалектілері өкілдерінің қоныс аударуымен, батыс өңірде тұратын түркі тайпаларының араласуыменен, ауызекі тілдің әсерінен жайлап өзгере бастаған. Ол Тяньшанның оңтүстікке және солтүстікке қарай таралған. В.В.Радлов бұл әдеби тілді көне ұйғыр тілінен бөлек қарастырады. Профессор С.Е.Маловтың тұжырымдауынша, Орталық және Орта Азияда басында тарихи кең тұрғыда шығыс түркілік әдеби **ǰ** тілі өмір сүрді. Кейін оның орнына батыс түркілік әдеби **ǰ** –тілі келген (кейінірек шағатай тілі деп аталған). Бұл тіл **ǰ**-тілін барлық жағынан ығыстырып шығарған. Осы жағдаяттың ықпалымен әдеби тілдің диалектілік негізінің өзгеру үдерісі жүрді. Сонымен қатар сына жазу мен көне ұйғыр әліпбиінің орнына араб жазуы ене бастады (Малов, 1951:26).

А.Н.Самойловичтің өзіндік тұжырым ұсынды, яғни XI – XVI біртұтас орта азиялық түркі тілі дамыды және оны үш кезеңін жіктеп көрсетуге болады: орталығы Қашқар болатын қарахандық кезең (XI ғ.), Сырдарияның төменгі ағысы мен Хорезм аймағы орталығы болған оғыз-қыпшақтық кезеңі (XII–XIVғ.) және Шағатай ұлысының отырықшы бөлігі орталығы болып табылатын шағатайлық кезең(Самойлович, 1928:21). А.Н.Самойловичтің бұл пікірінің қайшылықты тұстары мәдени ошақтары бір-бірінен тым алыс бола тұра тығыз сабақтастықта болған тілдің негізінде үш диалекті емес, одан көп тілдік ерекшеліктер жатса керек.

Зерттеу нәтижелері

Түркі тілінің бастау бұлақтары тым ілгеріде жатқанымен түркі тектес тайпалардың саяси-әлеуметтік жағдаяттардың ықпалымен тығыз араласуы, тілдік құрылымдағы, лексикалық қордағы елеулі өзгерістері, қалыптасу үдерістері Шыңғысхан шапқыншылығы дәуірімен тығыз байланысты. Орта түркі дәуіріндегі тілдік белгілерді бойына сіңірген жазба ескерткіштер XIV ғасырдың бірінші жартысы мен ортасында Шағатай ұлысында (Рабғузи «Қисса әл-әнбиясы»), сондай-ақ Хорезмде (Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы, Хорезмидің «Мұхаббат-намесі»), яғни географиялық тұрғыдан Орталық Азиямен байланысты, бірақ Шыңғыс империясының басқа бөлігінің –Жошы ұлысының немесе Алтын Орданың құрамына кірген аумақта пайда болды. Түркі тілінің шынайы гүлденуі XIV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында Шыңғыс

хан империясының бір бөлігі болып табылатын, оның екінші ұлы Шағатайға бөлінген және Орталық Азияның көп бөлігі (Мауереннахр) мен Шығыс Түркістанды қамтитын Шағатай ұлысының кең аумағында болды. Осы кезеңдерге сай қолданылатын шағатай тілі, шағатай терминінің этноязык мағынасы кең және оның XIV-XV ғасырлардағы түркілік рухани мәдениеттің өркендеуінде өзіндік орны бар. Бұл тілдің негізі Орталық Азияның қарлұқ диалектілері (Хорезм және Мауереннахр) болды, ал оның тікелей әдеби бастауы XI-XIII ғасырлардағы қарахан-түркі тілі деп санауға болады. Э.Н. Наджиптің «языки почти всех средневековых тюркоязычных письменные памятников являются смешанными. В основе языка одних лежит уйгурский, а другие испытали сильное влияние уйгурско-карлукско-чигильского языка. В языке памятников, созданных в последующих веках, обнаруживается при явно уйгурской основе влияние огузско-туркменского, или кипчакского, языка» деген пікірі де ғылыми дәйекті (Наджип, 1989:244).

Орталық Азиялық түркі тілінің дамуы, таралуы өздерін Шыңғыс ханның заңды мұрагерлері мен жалғастырушылары деп санаған Тимурид империясының негізін қалаушы Әмір Темірдің қызметімен тығыз байланысты болды. Темір тұсында жазылған әдеби ескерткіштердің қатарында хижра жыл санауы бойынша 800 жылы (1397/98) Исфиджаби (немесе Сипиджаб) атты кісінің жазған Саадидің «Гүлістанының» шағатайша аудармасы бар, ол шартты түрде «Гүлістан ди-т-турки» деп аталады (оны «Сайфи Сарайидың Гүлстан бит-турки» деп аталатын басқа түркі аудармасынан ажырату үшін). Орта Азия түріктері өзінің дамуының алғашқы кезеңдерінде (XIV -XV ғасырлар) екі түрлі, ұйғыр және араб жазуын қолданды. Біріншісін Шыңғыс хан ұйғыр хатшыларының (битикчи) көмегімен өзінің алып империясын орталықтандырылған басқару үшін енгізді. А.П. Григорьев анықтағандай, Алтын Орданың 1380 жылға дейін ресми тілі «ұйғыр жазуын қолданатын моңғол тілі» болған. Содан кейін ол Орта Азиялық түркі тіліне жол берді. Бұл тілдің ресми саладағы географиялық таралу ауқымын ұйғыр және араб жазуларында жазылған жарлықтар сияқты құжат түрінде көрініс тапты. Олар жоғарғы билеушілердің сыйлық құжаттары немесе олардың ең маңызды оқиғалар туралы өз қарамағындағыларға немесе көршілеріне жолданған есептері. Мысалы, 1393 және 1397 жылдары Еділ бойы мен Днепр жағалауында құрастырылған Тоқтамыштың (Литваның Ұлы князы Ягайлоға) және Темір-Құлұғтың Алтын Орда жарлықтары; Шахрухтың (1422), Бабырдың атасы Әбу Саидтің (1469) және Омар-Шейхтің (шамамен 1469) Орта Азия мен Әзірбайжанда жазылған жарлықтары, және 1473 жылы Қарахисарда (Кіші Азияның солтүстік-шығысында) Ақ-Қоюнлу әулетінен шыққан билеуші Ұзын-Хасанды жеңген тарихи жеңісіне орай жазылған түрік сұлтаны Мехмед II Фатихтің (Константинопольді жаулап алушы) жарлығы. Шыңғысхан империясының бұрынғы кейбір бөліктерінде осындай дәстүр ұзақ уақыт бойы сақталған. А.Н. Самойлович В.В. Вельяминов-Зерновтың Императорлық ғылым академиясының тапсырысы бойынша Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу бас мұрағатынан алынған «Қырым хандығы тарихына арналған материалдар» (Санкт-Петербург, 1864) жинағында жариялаған құжаттарға баға бере отырып, былай деп жазды: «Бұл көлемді «Материалдарда» қамтылған қырым-татар тіліндегі құжаттар XVI-XVII ғасырлар аралығына жатады және XVII ғасырдың соңына дейін Осман-түрік әдеби тілі Қырым хандарының кеңселерінде Жошы ұлысының әдеби дәстүрін толығымен жойып жібермегенін дәлелдейді» А.Н. Кононов 17-18 ғасырлардағы Қырым татар тілінің ең көне ескерткіштерінің тілдік тұрғыдан әлі де толық зерттелмегенін, сондықтан оларды сөзсіз Қырым татар тілінің ескерткіштері ретінде жіктеуге бола ма, жоқ па, белгісіз» деп өте орынды атап өтті (Кононов, 1982: 53). Бұл болжамдар мен тұжырымдарға Ф.М. Хисамованың зерттеуінде тамаша жауап берілді, онда 1613 және 1667 жылдардағы Қырым хандарының екі өкілдік құжаттарынан үзінділер келтіріледі және олардың грамматикалық сипаттамалары берілген (Хисамова, 1999: 61). Тілі жағынан бұл құжаттар Жошы ұлысының түркі дәстүрін жалғастырады және Орталық Азияның шағатай тілінің ескерткіштерінен мүлдем айырмашылығы жоқ.

XV ғасырда ұйғыр жазуы ақырында араб жазуына жол берді, бұл XIII ғасырдың аяғы - XIV ғасырдың басында моңғолдардың бақылауындағы мұсылман елдерінде ислам дінінің енуімен және олардың ислам қауымдастығымен біртіндеп интеграциялануымен байланысты болды. Кейбір түркі ескерткіштерінде қолданылатын барлық сөздік қорының 60-тан 90%-ға дейінгі бөлігін құрайтын араб және парсы сөздері, жалпы алғанда, бастапқы орфографиялық емлесін сақтап қалды, бұл араб немесе парсы тілдерін жақсы меңгергендер үшін Орталық Азия түркі тілдерінің игеруін айтарлықтай жеңілдетті. Түркі тіліндегі тағы бір көрнекті шет тілдерінің лексикалық қабаты аз да болса кеңінен қолданылатын моңғол тілінің элементтері болды. Бұлар негізінен әкімшілік, құқықтық және әскери бірліктер.

Түркі ұлыстарының әдеби тіл тарихының үдерістерін жазба жәдігерліктер тілімен сабақтастыра зерделесек орта түркі дәуірінде осы заманда түркі тілдерінің ең басты халықтық белгілері қалыптаса бастаған. Орта ғасырларда түркі тайпалары Қытай қабырғаларынан бастап Шығыс Европа, славян елдеріне дейінгі далалықты түгел жайлаған. Бүгінгі Қазақ елінің территориясы әртүрлі түркі тайпаларының ата қонысы болатын. Осынау ұлан-ғайыр аймақта әртүрлі рухани, мәдени орталықтар өркендеп, бірнеше әкімшілік-басқару жүйелері үстемдік етіп, аумалы-төкпелі саяси-әлеуметтік жағдайлар бірде өршіп, бірді басылып тұратын. Мәселен, Шығыс Түркістан аймағын ұйғырлар мен қарлұқтар билеп, басқа да көптеген рулар Қарахандықтар мемлекетіне топтасса, Батыс Түркістан, Хорезм өлкесінде қыпшақтар мен оғыздардың беделі аса зор болды. Алтын Орда мен Мысырда негізінен қыпшақтар гегемондық дәрежесіне көтеріліп билік басында болды. Бұлар бір-бірімен тығыз әлеуметтік-саяси, мәдени қарым-қатынаста болып, мидай араласып жатқан елдер болатын. Орта түркі жазба ескерткіштерінің жазылу уақытына, жеріне, сол мұра пайда болған мекендегі халықтардың этникалық құрамына қарай ғылымда мынандай төрт топқа жіктеу жолы бар: 1.Қарахан әулетіне байланысты түріктердің жазба әдеби тілі ескерткіштері(XI-XIIғ.); 2.Орта Азия түріктерінің жазба әдеби тілі ескерткіштері(XII-XIVғ.); 3.Алтын Орда мен Мысыр түріктерінің жазба әдеби тілі ескерткіштері (XIII-XIVғ.); 4.Шағатай түріктерінің жазба әдеби тілі ескерткіштері (XV-XVIғ.).

Осы X-XV ғасырларда дүниеге келген жазба ескерткіштердің тілі туралы ғалымдар әлі күнге бір байламға келген жоқ. Түріктанудағы сан қилы тұжырымдар, кейбір ғалымдардың жазба мұраларды өз ұлтына телуі аталмыш мәселені қайта қарап, қазіргі түркі тілдерінің деректерімен ескерткіш лексикасын жан-жақты салыстыра зерттеуді талап етеді. Қарахан түріктерінің жазба әдеби ескерткіштері туралы пікірлер өте көп. Мәселен Н.А. Баскаков М. Қашқаридың «Диуан лұғат-ит түрік» шығармасын бірде қараханидтер тілінің ескерткіші десе, енді бірде «Құтадғу білік» екеуінің тілін қарахандықтар мемлекеті кезіндегі ұйғыр тілі деген. Түріктануда Ахмед Йүгінекидің «Һибат ул- хақайық» ескерткіші туралы да неше түрлі пікірлер орын алған: А.К. Боровков ұйғыр тілінде жазылған дейді, А.А. Валитова оның тілін өзбек тілі деп таниды (Валитова, 1951: 23). Ал «Құтадғу білік» шығармасының тілі жөнінде мынандай пікірлер бар. Н.А. Баскаков қараханид түріктерінің тілінде жазылған десе, А. М.Щербак қарлұқ диалектісінің, ал Г.Ф.Благова ескі ұйғыр тілінің ескерткіші деген пікір айтты. Осы күні түріктануда аталмыш үш ескерткіш қарлұқ-ұйғыр тілінде жазылған деген пікір үстем болып тұр.

Б. Сағындықұлы Қарахан дәуіріндегі әдебиет пен ғылым туындыларын «ұйғыр тілінде жазылған» деп тану шындыққа жанаспайды дей келіп, тарихшы В.В. Бартольдтың мына сөзін келтіреді : ... «Қарахандықтарға бағынышты ел өздерін ұйғырмыз деп атағанына еш дәлел жоқ және Жүсіп Баласағұн үшін оның жазған тіл ұйғыр тілі емес». Яғни Қарахан мемлекетінің құрамында йемек, басмыл, чығыл, яғма, ұйғыр, қыпшақ сияқты бірнеше тайпалар қоян-қолтық өмір сүрген. Сондықтан бұл дәуір туындыларын бір руға, бір тайпаға телу қиянат болар еді. Белгілі ғалым Е.Э.Бертельстің мына пікірі де ғылыми маңызды: «Исследователи [«Құтадғу Билиг»](#)», условно его язык называют уйгурским. На самом деле, его язык принадлежит к восточной группе тюркских языков, то есть близок к современным

казахскому, узбекскому и киргизскому языкам» (Бертельс, 1939:215). Бұл пікір аталған үш жәдігерлікке де ортақ. Б.Сағындықұлы М.Қашқаридың мәліметтеріне сүйене отырып, Қарахан мемлекетінің әдебиетіне диалектілік ұйытқы болған арғу, чығыл тайпаларының тілі дей келіп осы дәуір әдебиет туындыларын көне түркі әдеби тілінің арғу-чығыл вариантында жазылған деп тұжырымдайды. Ғылыми дәйекті пікірді қолдай отырып, біздің ойымызша *Көне* сөзін *орта* деп өзгертсек шындыққа жақын келетін сияқтымыз. *Көне* сөзін негізінен X ғасырға дейінгі кезеңді сипаттауда қолдануы басым.

XI ғасырдан бастап XV ғасырларға дейін туыстас түркі ру, тайпаларының бәріне ортақ, жалпыға түсінікті ортақ тіл болғаны дәлелді деректермен айтылып жүр. Сондықтан түркітануда «орта азиялық әдеби тіл», «орта азиялық түркі тілі» терминдер бұрыннан қалыптасқан болатын. Дегенмен осы дәуір жазба мұраларын зерттеуде өзіндік еңбектері бар ғалымдар Ә. Құрышжанов пен Ә.Ибатов берер мағынасы тарлау терминдердің орнына «орта түркілік жазба әдеби тіл» терминін ұсынады. «Орта түркі әдеби тілі» өз уақытында тек қана Орта Азия емес, қазіргі Қазақстан жерінің шығысынан батысына, солтүстікке дейінгі түркі қауымдастықтарына түгел жайылды. Европа жеріндегі «Дешт-и Қыпшақ» пен Қырым халықтарын түгел қамтыды. Тіпті сонау Мысыр мен Шамды жайлаған мәмлүк қыпшақтарына тән жазба жәдігерліктердің бәрі де осы тілде жазылды, яғни күллі түркі ұлыстарына ортақ әдеби тіл болған (Құрышжанов, Ибатов, 1981:45). Осы ортақ әдеби тілі оғыз-қыпшақ және қыпшақ-оғыз аралас сипатта дамыды. Жазба ескерткіштердің қай жерде жазылуына байланысты біреуінде қыпшақ элементі басым болса, енді біреулерінде оғыз элементі басым болатын. Белгілі ғалым А.Н. Самойлович XI-XVI ғасырларда түркі жазба ескерткіштері бір әдеби дәстүрде, бір әдеби тілде хатқа түскен деп мәлімдеген. Орта ғасырларда осынау ұлан-ғайыр аймақтың әр қиырындағы мәдени ошақтарда дүниеге келген жазба мұрағаттар бір-бірінен онша алшақ кетпей ортақ заңдылықтарға сүйеніп, бір негізде жазылған. XI ғасырдағы «Диуани лұғат ит-түрік», «Құтадғу білік» ескерткіштері тілінің XIV-XV ғасырлардағы ескерткіштер тілінен бірен-саран ерекшелігі болмаса негізінен ыңғайлас, сабақтас, тіні бір дүниелер. Сондықтан да Орта Азия түріктерінің ескерткіштері (XII-XIV ғ.) мен Алтын Орда және Мысыр түріктерінің ескерткіштерінің (XIII-XIV ғ.) тілі де бір қатардағы құбылыс.

Белгілі ғалым Э.Н.Нәжіп Орта Азия және Алтын Орда, Мысыр жерінде жазылған мұралар тілін бес топқа бөліп қарастырды: 1. Ескі түркімендердің жазба тілі, 2. Оғыздар мен қыпшақтардың жазба тілі, 3. Қыпшақ-оғыздық жазба тіл, 4. Түркі тілдерінің з тобына жататын жазба тіл, 5. Ескі өзбек әдеби тілі. Жалпыға ортақ, тұтас жазба әдеби тілдің әр кезеңінде осы варианттардың қолдану аясы бірде тарылып, бірде кеңіп, ерекше айқындалып тұрған жайлары да бар. Бірақ түп-негізден бөлініп, дараланып кете алмаған. Орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тілін бір арнаға сыйғызып қарастыруды жөн санаған белгілі қыпшақтанушы поляк ғалымы А.Зайонковский мынадай тұжырым ұсынды: «Дегенмен, оғыз жазуын жалпы түркі тілінен, ал кейбір жағдайларда қыпшақ тілінен ажыратып, анықтау өте күрделі және екі ұштылау мәселе. Шындығында, XII және XIX ғасырларда біртұтас түркі әдеби немесе жазбаша тілі пайда болды және ол әртүрлі диалектілік белгілермен, үнемі өзгеріп, мән-мағынасы кеңейіп отыратын бай лексикалық материалмен көрініс тапты» (Зайончковский, 1967:83).

Соңғы уақыттарда «шағатай тілі» «ескі өзбек тілі» терминімен ауыстырылды. Бұл терминді К. Бороков алғаш ғылыми айналысқа енгізіп, кейін А.М. Щербак, Э. Фазылов сияқты ғалымдар тарапынан қолдау тапты. Әрине «ескі өзбек тілі» бір кездерде болуы әбден мүмкін. Бірақ Орта Азия түріктерінің тілінде туған әдеби жазба мұралардың бәрін ескі өзбек тілінде жазылған деп есептейтін А.М. Щербак пен Э.Фазыловтың пікірлері нақты ғылыми тұжырым емес және тарихи әділеттілікке қиянат. Өзбек халқының белгілі тарихшысы Б.Ахмедов мынадай ғылыми пікір білдірді: «XVI ғасырдың басында жоғарыда аталған тайпалардың кейбірі Шайбани ханның айналасына бірігіп, Орта Азияға дендеп кіріп, қазіргі

Өзбекстан аумағына қоныстанды. Осы кезден бастап өзбек атауы этникалық маңызға ие болды, ал бүкіл түркі тілді халық бұл атауды қабылдады» (Ахмедов, 1965:18). Яғни «өзбек» этноним ретінде XVI ғасырда ғана тарих сахнасына шыққан. Діні мен тілі, салт-дәстүрі бірегейленген жұрт болып орнықпай тұрып, оның тілін әдеби жазба тіл ретінде бүкіл түркі ұлт пен ұлыстарының қолдануы еш ақылға сыймайды.

Шетел ғалымдарынан Эрман А.Н. Самойлович пікірін қолдай отырып, шағатай тілін үш кезеңге бөліп қарастырады. 1.Шағатай тілінің алғашқы дәуірі немесе Науаиге дейінгі дәуір(XV ғасырдың бірінші жарт.). Бұл тілде Хайдар, Хорезми, Лутфи, Юсуф Амири, Сакаки қалам тербеген. 2.Шағатай тілінің классикалық дәуірі (XV ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырдың бірінші жартысы.) Бұл тілде жазған ақындар: Науаи, Хусеин Байқара, Хамиди, Мухаммед Салих, Шейбани т.б. 3.Соңғы дәуір, яғни классикалық, шағатай тілінен кейін қолданылған әдеби тілдің дәуірі (XVI ғасырдың екінші жартысынан XIX ғасырдың аяғына дейін). Сонымен орта түркі әдеби тілінің тұтастығы ыдырап, жеке ұлт тілдері айқындала бастаған XV-XVI ғасырларда Орта Азия түркілерінің бір белесі осы шағатай тілі болса керек. XVII ғасырларда ескі өзбек тіліне жалғасқан шағатай тілі қазіргі өзбек тілінің негізі болып саналады.

Ежелгі Түркістанды, яғни Орта Азияны мекендеген түркі тектес халықтардың және олардың тілдерінің тарихында XI – XV ғасырлар аса күрделі, маңызды кезең. Бұл кезеңдерде түркі тілдерінің тілдік белгілері, диалектілері тығыз аралас сипатта болды. Осы заманда жарыққа шыққан жазба жәдігерліктер аралас тілде жазылды. Орта Азияны мекендеген бүгінгі түркі тілдерінің тарихы үшін осы өңірде дүниеге келген жазба ескерткіштер үлкен рөл атқарады. Солардың қатарындағы маңызды жазба мұраның бірі «Орта Азиялық тәпсір». Ол Құран Кәрімнің жолма-жол аудармасы, сонымен қатар сүрелерге түсіндірмелер беріп отырады. Құраның түркі тілдеріндегі жолма-жол аудармалары, тәпсірлері өте көп болған. Белгілі түрік ғалымы Абдулқадыр Инан «Орта Азиялық тәпсірдің» Түркияның «Түркілік және исламдық шығармалар мұражайында» сақталған Құранның аудармасымен өте жақын екенін анықтаған. Ал С.Болтабаев «Жоларалық аударма бөлігінің тілі Қараханид түркі тіліне, ал әңгіме мен түсіндірмелері берілетін тәпсір бөлігінің тілі Хорезм, кей жерлерде шағатай тілінің белгілерін көрсетеді», -деген пікір білдірді (Boltabayev, 2022:63). Алтын Орда әдеби мұрасының тілі ерекше аралас тіл болғанымен, ол оғыз тілі немесе қыпшақ тілі негізінде қалыптасып, сайып келгенде Қарахан әдеби дәстүрлерін алмастырды. Алтын Орда дәуірінде қыпшақ тайпасы мен қыпшақ тілі гегемонияға ие болғандықтан, ескерткіштердің көпшілігі қыпшақ тіліне негізделгенін ескеру қажет (Sabyr M. B., Ramanova A. A., Kussainova D. Zh, 2025: 2042). Алтын Орда билігі тұсында жазылған әдеби жазба ескерткіштерді ұлттық дүниетаным және түркішілдік рух тұрғысынан зерделеу қажеттілігі де артып келе жатыр (Алтын Орда әдебиеті.2022: 3).

Қорытынды

«Орта азиялық тәпсірдің» жазылған уақытын дәл анықтап, көрсету өте күрделі іс. Жәдігерліктің мәтінінің өн бойында еш мәлімет берілмеген. В.В.Бартольд осы бір жазба мұраның лексикалық сипатына, грамматикалық жүйесін қарай «өте ежелгі уақытта, яғни XI ғасырдағы дидактикалық шығарма «Құтадғу білікпен» бір кезеңде жазылған деп есептейді. Профессор Көпрюлю М.Фуадтың пікірінше, Тәпсір X ғасырдың аяғында немесе XI ғасырдың басында Батыс Түркістанда жазылған, бірақ бізге белгілі жазба кейінірек, тимуридтар дәуірінде көшірілген. «Орта Азиялық тәпсірді» арнайы зерттеген А.К. Боровковтың «Бартольд атап өткендей, «Орталық Азия тәпсірде» моңғол дәуірі мен кейінгі Тимуридтер дәуірінен алынған терминдердің кездесуі, сондай-ақ емле мен морфологиядағы жаңалықтар бұл жазбаның XV ғасырда қайта көшірілігенін жобалауға мәжбүр етеді, дегенмен, барлық деректер бойынша, түпнұсқа аударма мен түсіндірме XII-XIII ғасырларға жатады деп санаған дұрысырақ», -деген тұжырымының маңызы зор. «Орта Азиялық

тәпсірдің» тілі жөнінде сипаттама айту үшін орта ғасырлық тілдік үдерістерге терең үңілу қажет. Профессор С.Е.Маловтың тұжырымдауынша, Орталық және Орта Азияда ілкі уақытта тарихи кең тұрғыда әдеби шығыс түркілік д тілі болды. Уақыт өте келе оның орнын әдеби батыстүркілік й тілі басып, д тілін ығыстырды. Осындай үдерістің нәтижесінде әдеби тілдің диалектілік негізі өзгерді. Сонымен қатар руна жазуы мен байырғы ұйғыр әліпбиінің орнына араб жазуы дендеп ене бастады. (кейінірек шағатай тілі деп аталды). Біз зерттеп отырған жазба жәдігерлік осы өтпелі кезеңнің мұрасы болса керек.

«Орта Азиялық тәпсірдің» тілдік деректеріне қарағанда д(з) тілді ескерткіштер қатарына жатады, бірақ з элементі мен й элементі де ұшырасады. Мысалы, *қоды, қозы, қойы* «төмен» және т.б. Бұндай ерекшелік «Қиссас ал-анбийа» ескерткіштерінің кейінгі жазбаларында байқалады. Бұл оғыз-түркімен әдеби дәстүрінің әсері екені анық. Ол қазіргі түркімен тіліндегі интердентальды д -дан анық байқалады. Орта ғасырларда д тілі мен з тілінің аралас сипата өмір сүргені байқалып тұр. Тәпсірдің сөздік қорынан да, дыбыстық жүйесінен оғыз-түркімен элементтері байқалады: Қатаң т-ның ұяң д – ға айналғанын көреміз: *дәгул –(түгел), дәгрә (айнла, төңірек)* т.б.

«Орта Азиялық тәпсірді» тарихи лексикология деңгейінде бүгінгі тірі қыпшақ тілдерімен, оның ішінде қазақ тілімен салыстыра зерттесе көп мәселенің ұшығы ашылары сөзсіз. Әрбір тілдік бірлікті салыстырмалы-тарихи әдіспен мағыналық өзгерісін, өрісін зерделесек, оның этноспен байланысы ашыла түседі.

Әдебиеттер:

Алтын Орда әдебиеті: генезис ..., 2022 – Алтын Орда әдебиеті: генезис, жанрлық ерекшелік, дәстүр жалғастығы : ұжымдық монография. Алматы: Evo Press, 2022. 320 б.

Ахмедов, 1965 – *Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков. М., Наука, 1965. 196 с.

Баскаков, 1965 – *Баскаков Н.А.* Введение в изучение тюркских языков. Москва: Высшая школа, 1969. 382с.

Бертельс, 1939 – *Бертельс Е. Э.* Литературы народов Средней Азии // Новый мир. 1939. № 8. С. 215–230.

Боровков, 1963 – Боровков А.К. Лексика среднеазиатского тевфсира. Москва: Восточная литература, 1963. 365с.

Boltabayev, 2022 – *Boltabayev S.* Orta Asya tefsirinin söz varlığında sorunlu bazı kelimeler üzerine notlar // *Türkbilig.* 2022. № 44. S. 63–79.

Валитова, 1951 – *Валитова А.А.* Юсуф Баласагунский и его «Кутадгу білік». М., 1951.

Зайончковский, 1967 – *Зайончковский А.* К изучению средневековых памятников тюркской письменности (XI–XVI вв.) // Вопросы языкознания. – 1967. – № 6. – С. 83–94.

Кононов, 1982 – *Кононов А.Н.* История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период/ Изд. 2-е, доп. и испр. Л., 1982. 360с.

Құрышжанов, Ибатов, 1981 – *Құрышжанов Ә., Ибатов Ә.* Ежелгі түркі жазба ескерткіштері жайында // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы : Ғылым, 1981. 45–78 б..

Қайдаров, Оразов, 1985 – *Қайдаров Ә., Оразов М.* Түркологияға кіріспе. Алматы: Мектеп., 1985. 166 б.

Малов, 1951 – *Малов С. Е.* Памятники древнетюркской письменности. М. ; Л. : Изд-во АН СССР, 1951.

Наджип, 1989 – *Наджип Э. П.* Исследования по истории тюркских языков XI–XIV вв. М.: Наука, 1989. 312 с.

Наджип, 1965 – *Наджип Э.Н.* Кыпчакского – огузский литературный язык Мамлюкского Египта XIV века: Автореф. дис. д-ра филол. наук. М., 1965. 92 с.

Самойлович А. Н. К истории среднеазиатско-турецкого языка // Мир-Али-Шир : сб. ст. Л. : Изд-во АН СССР, 1928. С. 21–22.

Сағындықұлы, 2011 – Сағындықұлы Б. Қазақ тілінің тарихы. – Алматы: «Қазақ университеті», – 2011. 145 б.

Sabyr M. B., Ramanova A. A., Kussainova D. Zh., Zhazira Nursultankyzy, Molgazhdarov K. K., Zhumasheva K. B., 2025 – *Sabyr M. B., Ramanova A. A., Kussainova D. Zh., Zhazira Nursultankyzy, Molgazhdarov K. K., Zhumasheva K. B. Ethnocultural Markers of Turkic Phraseologism in Written Monuments of the Middle Ages // Theory and Practice in Language Studies. 2025. Vol. 15, No. 7. P. 2142–2149.*

Томанов, 1980 – *Томанов М.* Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы : Мектеп, 1980. – 240 б.

Хисамова, 1999 – *Хисамова Ф. М.* Татарский язык в восточной дипломатии России (XVI – начало XIX вв.). Казань: Изд-во Казан. ун-та, 1999. 268 с.

References:

Altyn Orda adabiet: genesis, 2022 – *Altyn Orda adabiet: genezis, zhanrlyq erekshelik, dastur zhalgastygy [Literature of the Golden Horde: Genesis, genre specificity, continuation of traditions]: kolektivtik monografiya.* Almaty: Evo Press, 2022. 320 b. (In Kaz)

Akhmedov, 1965 – *Akhmedov B. A.* Gosudarstvo kochevykh uzbekov [The State of the nomadic Uzbeks]. Moscow: Nauka, 1965. 196 b. (In Rus)

Baskakov, 1969 – *Baskakov N. A.* Vvedenie v izuchenie tiurkskikh iazykov [Introduction to the study of Turkic languages]. – Moskva : Vysshaia shkola, 1969. 382 s. (In Rus)

Bertels, 1939 – *Bertels E. E.* Literaturny narodov Srednei Azii [Literature of the peoples of Central Asia]. Novyi mir, 1939, no. 8, bb. 215–230. (In Rus)

Borovkov, 1963 – *Borovkov A.K.* Leksika sredneaziatskogo tefsira [Lexicon of Central Asian tefsir]. Moskva: Vostochnaya literatura, 1963. 365 s.

Boltabayev, 2022 – *Boltabayev S.* Orta Asya tefsirinin soz varlygynda sorunlu bazy kelimeler uzerine notlar [Notes on some problematic words in the vocabulary of Central Asian tafsir.]. *Turkbilig*, 2022, no. 44, bb. 63–79. (In Tur)

Valitova, 1951 – *Valitova A. A.* Yusuf Balasagunskii i ego «Kutadgu bilik» [Yusuf Balasagunsky and his "Kutadgu bilik"]. M., 1951.

Zaionchkovskii, 1967 – *Zaionchkovskii A.* K izucheniyu srednevekovykh pamyatnikov tyurkskoi pismennosti (XI–XVI vv.) [Towards the study of medieval monuments of Turkic writing (XI–XVI centuries)]. *Voprosy yazykoznaniiya*, 1967, no. 6, bb. 83–94. (In Rus)

Kononov, 1982 – *Kononov A. N.* Istoriia izucheniia tiurkskikh iazykov v Rossii. Dooktiabr'skii period. [The history of the study of Turkic languages in Russia. The pre-October period] *Izd. 2-e, dop. i ispr. L.*, 1982. – 360 s. (In Rus)

Quryshzhanov, Ibatov, 1981 – *Quryshzhanov, A., Ibatov, A.* Ezhelgi turki zhazba eskertkishteri zhaily [About ancient Turkic written monuments]. In: *Qazaq adabi tilinin qalyptasu tarikhy men damu zholdary [Towards the study of medieval monuments of Turkic writing (XI–XVI centuries)].* Almaty: Gylym, 1981, bb. 45–78. (In Kaz)

Қайдаров, Оразов, 1985 – *Қайдаров А., Оразов М.* Түркологияға кіріспе [Introduction to Turkology]. Almaty: Мектеп, 1985. 166 б.

Malov, 1951 – *Malov S. E.* Pamyatniki drevnetyurkskoi pismennosti [Monuments of ancient Turkic writing]. Moscow–Leningrad: Izdatel'stvo AN SSSR, 1951. 451 b. (In Rus)

Nadjip, 1989 – *Nadjip E. P.* Issledovaniya po istorii tyurkskikh yazykov XI–XIV vv [Studies on the history of the Turkic languages of the XI–XIV centuries]. Moscow: Nauka, 1989. 312 b. (In Rus)

Nadzhip, 1965 – *Nadzhip E.N.* Kypchakskogo – oguzskij literaturnyj jazyk Mamljukskogo Egipta XIV veka [The Kipchak–Oghuz literary language of Mamluk Egypt in the 14th century]: Avtoref. dis. d-ra filol. nauk. M., 1965. 92 s.

Samoilovich, 1928 – *Samoilovich A. N.* К истории среднеазиатско-турецкого языка [Towards the History of the Central Asian-Turkish language]. In: Mir-Ali-Shir: sbornik statei. Leningrad: Izdatel'stvo AN SSSR, 1928, 21–22 bb. (In Rus)

Saғындыкұлы, 2011 – *Saғындыкұлы B.* Khazak tilinin tarihy [History of the Kazakh Language]. -Almaty: «Khazak universiteti», 2011.145 b.

Sabyr, Ramanova, Kussainova, Nursultankyzy, Molgazhdarov, Zhumasheva, 2025 – *Sabyr M. B., Ramanova A. A., Kussainova D. Zh., Zhazira Nursultankyzy, Molgazhdarov K. K., Zhumasheva K. B.* Ethnocultural markers of Turkic phraseologism in written monuments of the Middle Ages. Theory and Practice in Language Studies, 2025, vol. 15, no. 7, bb. 2142–2149.

Tomanov, 1980 – *Tomanov M.* Qazaq tilinin tarikhy grammatikasy [Historical grammar of the Kazakh language]. Almaty: Mektep, 1980. 240 b. (In Kaz)

Khisamova, 1999 – *Khisamova F. M.* Tatarskii yazyk v vostochnoi diplomatii Rossii (XVI – nachalo XIX vv.) [The Tatar language in the Eastern diplomacy of Russia (XVI – early XIX centuries)]. Kazan: Izdatel'stvo Kazanskogo universiteta, 1999. 268 b. (In Rus)

***¹ Сабыр М.Б., ² Болатова А.А.,**

¹ *Западно-Казахстанский инновационно-технологический Университет, Уральск, Казахстан*

² *Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.*

E-mail: ¹ sabir_uralak@mail.ru, ² anara-bolatova@mail.ru

ЯЗЫКОВЫЕ ПРОЦЕССЫ В СРЕДНЕТЮРКСКИЙ ПЕРИОД И ПИСЬМЕННЫЙ ПАМЯТНИК «СРЕДНЕАЗИАТСКИЙ ТАФСИР»

Аннотация. Основной целью статьи является анализ лингвистических процессов в среднетюркскую эпоху, а также оценка лингвистической природы письменного памятника «Среднеазиатский тафсир» как значимого источника по истории тюркских языков. В ходе изучения данной проблемы широко использовались историко-сравнительный и диахронно-синхронный методы, а также типологические сравнения, интерпретационные и нарративные методы. В среднетюркскую эпоху, охватывающую XI-XV века, историко-культурные процессы формирования письменных литературных языков, начавшиеся в древнетюркский период и продолжавшиеся в Средние века, вышли на новый качественный уровень. Это было обусловлено развитием государственности, расширением культурных и религиозных связей, а также активным функционированием письменности в различных регионах Средней Азии и Дешт-и Кыпчака. Основными результатами работы являются выявление тесной связи между культурными центрами и литературными традициями. С опорой на мнения ведущих учёных было доказано, что языковая традиция, зародившаяся в письменном наследии Караханидов, сохранилась в Хорезмской области и Кыпчакской конфедерации и получила дальнейшее развитие в чагатайском литературном языке. Результаты исследования могут быть использованы в сравнительной лексикологии тюркских языков, истории казахского языка и тюркологии. В заключение показана лингвистическая специфика «Среднеазиатского тафсира» и обоснована необходимость его сравнительного исследования с современными кипчакскими языками, включая казахский язык.

Ключевые слова: письменные памятники, Среднетюркский период, средние века, лингвистическая специфика, лексика, тафсир

¹ Sabyr M.B., ² Bolatova A.A.

¹ *West Kazakhstan Innovative and Technological University, Uralsk, Kazakhstan.*

² Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan.
E-mail: ¹ sabir_uralsk@mail.ru, ² anara-bolatova@mail.ru

LANGUAGE PROCESSES IN THE MIDDLE TURKISH PERIOD AND THE WRITTEN MONUMENT "CENTRAL ASIAN TAFSIR"

Annotation. The main purpose of the article is to analyze linguistic processes in the Middle Turkic era, as well as to evaluate the linguistic nature of the written monument "Central Asian Tafsir". In the course of studying this problem, historical-comparative and diachronic-synchronous methods, as well as typological comparisons, interpretative and narrative methods were widely used. In the Middle Turkic era, covering the XI-XV centuries, the historical and cultural processes of the formation of written literary languages, which began in the ancient Turkic period and continued into the Middle Ages, reached a new qualitative level. The main results of the work are the identification of a close relationship between cultural centers and literary traditions. Based on the opinions of leading scientists, it was proved that the linguistic tradition that originated in the written heritage of the Karakhanids was preserved in the Khorezm region and the Kipchak confederation and further developed in the Chagatai literary language. The results of the research can be used in comparative lexicology of the Turkic languages, the history of the Kazakh language and Turkology. In conclusion, the linguistic specificity of the "Central Asian Tafsir" is shown and the need for its comparative study with modern Kipchak languages, including Kazakh, is substantiated.

Keywords: written monuments, the Middle Turkic period, the Middle Ages, linguistic specificity, vocabulary, tafsir

Авторлар туралы мәдімет:

Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы, филол.ғ.д., профессор. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті. Орал, Қазақстан

Болатова Анара Асқаровна, докторант. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті. Шымкент, Қазақстан

Сведения об авторах:

Сабыр Мурат Бокенбайұлы, д.филол. н., профессор, Западно-Казакстанский инновационно-технологический университет. Уральск, Казахстан

Болатова Анара Асқаровна, докторант, Южно-Казакстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова. Шымкент, Казахстан

Information about authors:

Sabyr Murat Bokenbayuly, Doctor of Philology, Professor, West Kazakhstan Innovative and Technological University, Uralsk, Kazakhstan

Bolatova Anara Askarovna, Doctoral student, Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan

*Келіп түсті 11 желтоқсан 2025 жыл
Қабылданды 26 қаңтар 2026 жыл*